

у 2010  
4856K


# ӘЛЕМДІК ТҮЛГА



O, çıkışmaza giren halkına yol göstererek zorlu yolculuklara giden cesur yürekli başadır dedelerinin azminde gösteren Bağımsız Kazakistan Cumhuriyeti'ni başkanlığından Abışoğlu Nazarbayev'tir.

O, isminden de 'Şahsiyet' adını alarak, her zaman şaka-

ALEMSÜMUL  
ŞAHSİYET





УДК 342.51(бұл) ✓

ББК 67.400.6

Ә52 ✓

Ә52 «Әлемдік тұлға». — Астана: Деловой мир Астана, 2010. — 228 бет.  
Ә52 «Alemşümül şahsiyet». — Astana: Delovoy mir Astana, 2010. — 228 бет.

ISBN 978-601-7259-00-6


Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың әлемдік бейбітшілікке бағытталған жаһандық сипаттағы қызметтері жан-жақты сарапталған бұл жинақта Еуразия кеңістігіндегі 9 мемлекеттің зиялы қауым өкілдерінің мақалалары топтастырылған.

Kazakhstan Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev'in dünya barışını esas alan alemşümül faaliyetlerini etrafında anlatan elinizdeki eser Avrasya coğrafyasındaki 9 ülkenin aydınları tarafından kaleme alınan makalelerin toplamıdır.

© «Деловой мир Астана» ЖШС, 2010

© Барлық құқықтар қорғалған

© Bu kitabın her türlü yayın hakları  
“Delovoy mir Astana” yayın evine aittir.



У 2010/4856 к

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН» сериясы

ЭЛЕМДІК  
ТҮЛГЕ

ALEMŞÜMUL  
ŞAHSİYET



Астана-2010





# ҰЛЫ ҚАЙРАТКЕР

Түркия Республикасының Президенті  
Абдулла Гұл мырзамен  
сұхбаттан үзінді

**Абдулла Ғұл:** Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев менің аса қадірлі досым. Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстан үшін ел тәуелсіздігінің нығая түсүі, елдің іргесін бекітіп, шекарасын айқындаپ алуы, ішкі тұрақтылықтың сақталуы, көршілерімен тату қатынастар орнатуы, елдің аймақтағы бейбітшіліктің белдеуіне айналуы сияқты өте көп ауқымды істер атқарды. Бұгінде қазақ елі Азия аймағындағы қарқынды дамудың озық үлгісіне айналды. Мұндай орасан зор істер тек ұлы мемлекет қайраткерінің ғана қолынан келеді. Болашақ ұрпаққа жарқын келешек сыйлаған Назарбаев – шын мәнінде ұлы қайраткер.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдары барлық қауіп-қатерді жеңіп шықты. Елде этникалық тұтастықты сақтай білді. Әлемдік және дәстүрлі дін өкілдері мен әйгілі ғалымдарды Астана қаласына шақырып, иғі іске мұрындық болды. Осы ізгілікті шара арқылы Қазақстан әлемдегі бейбітшіліктің белсенді жақтаушысы екенін тағы бір айқындаپ берді. Сонымен қатар Қазақстан қауіпсіздік шараларын да қаперден шығармайды. Сыртқы байланыстары да ынтымақтастыққа, татулыққа негізделген. Таяуда Қазақстан Еуропадағы Қауіпсіздік және Ұнтымақтастық Ұйымына басшылық жасайды, 2011 жылдан бастап Ислам Конференциясы Ұйымына жетекші болады. Халықаралық ірі, белді ұйымдарға жетекшілік жасау да Қазақстанның беделін арттыра түсері анық. Елге әлемнің назары ауады, оған деген сенімі мен құрметі аттады. Міне, мұның бәрі көреген көшбасшы ғана атқара алатын ауқымды істер деп ойлаймын.

Қадірлі Нұрсұлтан Назарбаев Түркиямен арадағы байланыстарға да ерекше мән береді. Біз де бауырлас Қазақстанға айрықша көңіл аударамыз. Мен бұдан бұрынғы қызметімде де, Сыртқы істер министрі және ел Президенті ретінде де Қазақстанға бірнеше рет ресми сапармен бардым. Әр барған сайын қазақ елінің өсіп, өркендей түскенін көріп, бұған шын жүректен қуанамын.

Стратегиялық әріптестік туралы келісім бауырлас елдер арасындағы байланыстарды жаңа белеске көтереді деп сенемін.

**- Әзіrbайжанның Нахчыван қаласында түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы Кеңесін құру туралы келісімге қол жеткізілді. Бұдан бұрын аталмыш елдер арасында Парламенттер ассамблеясы құрылған еді, оған «Ақсақалдар алқасы» қосылып отыр. Осы ынтымақтастық туралы сіздің пікіріңізді білгіміз келеді?**

**Абдулла Гұл:** Иә, бұл шараға біз үлкен мән беріп, ерекше ықылас танытып отырғанымыз жасырын емес. Негізінде, бұл Кеңесті құру туралы идея – қадірлі Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы болатын. Бұдан бұрын, өзіңіз айтып өткендей, түркі тілдес мемлекеттер Парламенттерінің Ассамблеясы құрылып, жемісті жұмыс атқаруда. Біз әрине, өзара бауырластығымыздың нақты сипатқа ие болуын қалаймыз. Сондықтан Кеңестің жанынан тұрақты хатшылықтың құрылуын да өте маңызды қадам деп есептеймін. Мұны түркі әлемінің ынтымақтастығы үшін тарихи оқиға ретінде бағалаймын. Бұл орайда бүкіл осы игі шаралардың бастамашысы ғана емес, сонымен қатар ұйытқысы да бола білген қадірлі Нұрсұлтан Назарбаевқа рахмет айтамын.

- **Қазақстан Елордасының құрылышына Түркия үлкен үлес қосты. Жоғары мәртебелі Президент мырза, Сіз біздің елордамызға ресми сапармен бірнеше рет келдіңіз, сонымен қатар былтыр Астананың 10 жылдық мерейтойына мәртебелі қонақ ретінде қатыстыңыз. Қандай әсерде болдыңыз?**

**Абдулла Гұл:** Әрине, қыын кезеңде астананы ауыстыру – тарихи шешім. Сондықтан мұндай шешім қабылдамас бұрын қадірлі Нұрсұлтан Назарбаев көп ойланып, толғанған болуы керек. Елдің тұтастығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кезінде Түркия да өз астанасын ауыстырған еді. Бұл шешімнің дұрыстығын тарих өзі дәлелдеп берді.

Мені таң қалдырған, 10 жыл сияқты аз ғана уақыттың ішінде бұрынғы шағын ғана шаһардың әлемдік деңгейдегі ірі орталыққа айналуы дер едім. Бұл – қазақ халқының ірі жеңісі, қадірлі Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың орасан зор еңбегінің жемісі.

Астананың 10 жылдық тойына қатысқан кезімде қаланың көрікті келбетіне, айшиқты ажарына сүйсіндім. Ғасыр тоғысында ғаламат іс жасаған әріптесімді құттықтаймын. Атажүрттағы бауырлас қазақ халқына да үлкен құрметімді, сүйіспеншілігім мен ізгі ілтипатымды білдіремін.

- **Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңіз үшін рахмет.**

Сұхбатасқан:  
Дархан Қыдыралиев  
Анкара, 2009 жылғы қыркүйек





# МЕМЛЕКЕТҚУРУШЫ ҰЛЫ ТҰЛҒА

Түркия Республикасының  
экс-Президенті Сұлеймен Демирел  
мырзамен сұхбаттан үзінді



**Сүлеймен Демирел:** Нұрсұлтан Назарбаев аз ғана уақыттың, небәрі 18 жылдың ішінде халқы үшін шын мәнінде адам айтса сенгісіз ғажайып істерді жүзеге асырды. Мен солардың ең елеулісі ретінде Қазақстанның ортасында бой көтерген әсем Астана шаһарын атар едім. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қолтаңбасы болып есептелетін бұл әсем, сөuletті қала қазақ халқына, оның өткені мен болашағына жасалған керемет тарту болды. Бұл қала – жаңа дәуірдің, жаңа түсінік пен қажыр-қайраттың рәмізі іспетті.

Кезіндегелосында қадамға Түркия Республикасы да барған еді. Азаттық соғысынан кейін жаңа мемлекет құрған Мұстафа Кемал Ататүрік екі мың жылға таяу түрлі мемлекеттердің, соның ішінде Османлы империясының да 400 жылдай орталығы болған тарихи Стамбул шаһарынан астананы көшіріп, Анкараға қоныс аударды. Анадолының ортасындағы шағын ғана елеусіз қаланды Ататүрік өз қолымен көркейтті.

Біздің осындағы тарихи тәжірибеміз болғандықтан, құрметті Нұрсұлтан Назарбаевтың астананы ауыстыру туралы шешіміне әрдайым қолдау көрсеттік. Біз қадірлі бауырымызben Қазақстанның астанасы көшпес бұрын бірнеше рет кездесіп, кеңестік. Ол тұста көптеген сындар айтылып жатты. «Жаңа қала салғанша, оған бөлінетін қаржыны басқа салаға жұмсауға болмай ма?» дегендеге де табылды. Алайда біз әрдайым бауырымыздың жаңында болдық, оған қолдау көрсеттік. Жаңадан құрылдып жатқан елге ең әуелі көтеріңкі көңіл-күй мен өзінеге деген берік сенім қажет.

Ел халқы үлкен белесті бағындыру арқылы әртүрлі ауыртпалықты көтеріп, қындықтарды жеңетініне, сол арқылы болашаққа батыл қадам жасай алатынына кәміл сенуі қажет. Астана ғасырлар тоғысында осының жарқын айғағы болды. Құрметті Нұрсұлтан Назарбаев қазақ халқының маңдайына біткен көреген көсем, кеменгер көшбасшы бола білді. Бұл орайда Ататүрік пен Назарбаев арасында көптеген ұқсастықтар бар деуге болады. Ең әуелі, Ататүрік те, Назарбаев та мемлекетқұрушы ұлы тұлға. Әрине, шарттар, кезеңдер басқаша болды.

Бауырлас елдер арасында Қазақстанның түркі дүниесінде алар орны айрықша дер едім. Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізген 20 жылдың ішінде Азия мен Еуропаның алдыңғы, озық елдерінің қатарына еніп, бүгінде бүкіл әлемнің құрметіне бөленіп отыр. Біздің Қазақстанға деген көзқарасымыз, ілтипатымыз қашанда өзгеше болды. Қазақстан аймақта және түркі әлемінде әр уақытта біріктіруші, ұйыстырушы, жақындастырушы қызмет атқарып келеді.

Қазақстан өзінің өркениетті қадамымен, жоғары мәдениетімен ерекшеленеді. Ұмырашыл, бітімгершіл, бейбітшіл, жанға жақын, жүрекке жылы игі іс-әрекеттері арқылы әлемнің назарын аударуда. Қазақстан қай жерде болса, сол жерден нәтиже шығарына бүгін бүкіл әлемнің көзі жетті.

Мұның бәрі қазақелінің таным-түсінігі мен жоғары мемлекеттік мәдениетінен деп ойлаймын. Қазақстан мемлекетқұруши тұлға, көреген көсем, менің ардақты бауырым Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал саясатының арқасында аймақтағы тұрақтылық пен татулықтың кепіліне, бейбітшілік пен түсіністіктің қорғанына айналды.

**- Әзіrbайжанда, Нахчыванда тарихи құжатқа қол қойылды, түркі тілдес мемлекеттердің Кеңесі құрылды. Түркі тілдес елдер арасындағы ынтымақтастықты қалай бағалайсыз?**

**Сүлеймен Демирел:** Нахчыванда қол қойылған ынтымақтастық туралы келісімді өте маңызды деп білемін. Түркі тілдес мемлекеттердің одағына бастайтын Кеңестің құрылуы аймақтық және әлемдік бейбітшіліктің нығаюына да үлкен септігін тигізеді деп ойлаймын. Бұл ынтымақтастықтың да бауырым Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылып отырғаның жақсы білемін. Сол үшін қадірлі досыма рахмет айтамын. Тиісті қолдау білдіргендері үшін өзге бауырлас елдердің мемлекет басшыларын да құттықтаймын.

Тәуелсіздік алғалы бергі жылдарда осындай игі шараларға құрметті Нұрсұлтан Назарбаев ұдайы бастамашы болып келеді. Ол жоғарыда да айтып өткенімдей, мемлекетқұруши көсем, үлттың көшбасшысы.

Мемлекет құру оңай емес. Мемлекет құрушылар аз емес, бірақ құрғаннан кейін іргелі, еңселі, қуатты мемлекетке айналдыру, оны толық, жан-жақты қалыптастыру – әркімнің маңдайына жазбаған үлкен бақыт.

Қазақстан халқы барлық қыындықтарды жеңіп, бар-жоғы 20 жылдың ішінде елді тұрақтылық пен татулықтың белдеуіне айналдырыды. Бұл – ерен ерлік. Сондықтан, мен қадірлі бауырмның қазақ еліне, қазақ халқына әлі ұзақ жылдар басшылық жасап, қызмет етуін тілеймін. Қазақ халқы да өз көсемдерінің қадірін жақсы біледі. Мен осындай ұлы тұлғамен бауыр болып, қатар жүргенімді мақтан тұтамын.

Мен бауырлас қазақ елінің жыл сайын өркен жайып, көркейе түсуін тілеймін. Қазақстанның мемлекеттігі мәңгі болсын. Қазақ елі мәңгі жасасын. Қадірлі бауырым Нұрсұлтан Назарбаевқа зор денсаулық тілеймін. Алла оған қазақ халқына жасаған орасан қызметінің қызығын көруді жазсын деп тілеймін.

**- Бізге уақыт бөліп, сұхбат бергеніңіз үшін рахмет.**

Сұхбатасқан: Дархан Қыдыралиев  
Анкара, 2009 жылғы қыркүйек





# ӘЛЕМДІК ТҰЛҒА

Харун ТОҚАҚ,  
«Диалог Еуразия» платформасының  
теңтөрағасы

Шынар ағашындаған тамырын мыңдаған жылдық тереңге тартып, төрткүл дүниенің төрт бұрышынан соққан дүлей дауылдарға мызғымай қарсы тұра алатын іргесі бекем ұлттар туған топырағын бойтумарындағы қастер тұтады. Олар бастарына бұлт үйірілген қайбір кезеңде көз жастарына ерік берді, бәзбір дәуірлерде Отаны мен құндылықтарын қорғау жолында бастарын бәйгеге тікті, алайда көрген қындықтары мен жасаған жаңиярлықтары ешқашан нәтижесіз болған емес.

Адамзат тарихында өзіндік орны бар осындағы іргелі ұлттың, әлемдік өркениетке өлшеусіз үлес қосқан бірегей қазақ халқының қадым заманнан бері үзілмей жалғасып келе жатқан өміршөндігі оның тектілігіне, кісілігіне байланысты деп ойлаймын.

Тектілік пен кісілік. Ойшыл ақын Абай «толық адам» туралы толғанған еді. Кісілік – толық адамның бойындағы ізгі қасиет, тарихқа өзіндік қолтаңбасын қалдырған қазақ ұлтына тән асыл мінезі, оның табиғи болмысы.

Бұл байтақ далада байырғы заманда асауға бұғалық салып, қайқы қылышымен әлемді аузына қаратқан қаһарман сақ, ғұн, түрік тайпаларының ізі сайрап жатқандай өсер қалдырады.

Әл-Фараби, Қорқытата, Жұсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Иасауи, Мұхаммед Хайдар Дулат, Абай сынды өркениетті өрге сүйреп, әлемдік ғылымның қыбыласына айналған шығыстың шоқ жұлдыздары бір кезде арман еткен күндер бүгінде шындыққа айналып, туған топырақтың төсіне тамшыдай төгілген тілектер қазақ даласын түрлендіре тұсті.

Әлемдік өркениеттің бастауы мен бесігі болған бұл қасиетті өнірдің қайта түлеуі үшін ізгі тілек пен қажымас қайраттың үндестігі қажет болды.

Түркі тайпаларының қара шаңырағы болған қазақ ұлты «Қаратаудың басынан көш құлаған» қайғылы күндерді де бастан өткерді. Бұған тарлан тарих күә. Бәзбіреулер Шыңғыстың шаңды жорығында құрбан болды, қалмақ қырғынында қырылғандар бар, оған жұт пен ашаршылық кезінде баудай түсіп, шәйіт болғандарды қосыңыз. Қабырға қайыстыратын қайғының қандай түріне болмасын төтеп берген бұл сабырлы ұлт тәуелсіздігі үшін дүркін-дүркін күресті, зұлымдыққа мойынады, жарқын болашақтан үмітін үзбеді. Бұл, менің ойымша, бүкіл түркі жұртының ортақ тағдыры сияқты.

Ғасырлар бойы ұлттық құндылықтарын сақтап келген қазақ халқы адам айтса нанғысыз қындықтарға қарсы тұра алды. Әсіресе, өткен ғасырдың көлемінде бірнеше миллион адамы ашаршылықтың құрбаны болды, Екінші дүниежүзілік соғыста талай ерлер шәйіт кетті. Мешіттер қиратылды. Алай-


да, қазақ ұлты байырғы заманнан бері алтын арқауы үзілмей келе жатқан өз арнасынан таймады, ақиқаттың ақ жолынан ауытқымады. Бұл жол Қожа Ахмет Иасаудің, Абай Құнанбайұлының жолы еді. Бұл сөздер қыын кезеңде дүниеге көзін ашып, жетіліп, Қазақстанды Орталық Азияның жарық жүлдізына айналдырған Нұрсұлтан Назарбаевқа тиіслі.

Нұрсұлтан Назарбаев халқының болашағы үшін саясат жолын таңдады. Өзіне сеніп тапсырылған жұмысты тыңғылықты атқарып, жеңіс тұғырына көтеріле берді. Әрдайым өзіне артылған үміттің үдесінен шықты. Еңбек пен шынайылықтан, әділдік пен адалдықтан айнымады. Ол әлеуметтік мәселелерге жіті көніл бөліп, қоғамның дамуына даңғыл жол ашты. Этностар арасындағы төзімділік пен бейбітшілікті сақтау үшін Қазақстан халқы Ассамблеясын құрды. Төуелсіз елдің құрамында өмір сүріп жатқан 140-қа таяу этнос өкілдеріне жағдай жасап, мәдени байлықтың түрлене түсінен қолдау көрсетуде.

Сонымен қатар, діннің қоғам өміріндегі маңызын жете түсінген Президент дін өкілдері арасындағы диалогқа үлкен мән береді. Елбасының бастамасымен Әлемдік және дәстүрлі дін өкілдерінің құрылтайы өтті.

Мәртебелі Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен қазақ елі өркендереп келеді. Елбасының халыққа биылғы Жолдауы Қазақстанның дағдарысты еңсеріп, жаңа кезеңге, жаңа дауірге қадам басқанын әйгілейді.


«Диалог Еуразия» платформасы Қазақстан Президентінің халыққажасаған еңбегі пен өлем алдындағы қызметін аса жоғары бағалайды. Сондықтан, платформа 2009 жылы әлемдік бейбітшілік пен диалогқа қосқан өлшеусіз үлесі үшін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевты «Еуразия белгісі» орденімен марапаттады. Осы орайда Елбасының бұл марапаттың ең тұнғыш иегері екенін де айта кету керек. Біз Мемлекет Басшысы мәртебелі Нұрсұлтан Назарбаев әлемдік бейбітшілікке қосқан үлесі үшін «Нобель» сыйлығына өбден лайық тұлға деп есептейміз.





# ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ МАҚТАНЫШЫ

Ұнал ӨЗТҮРІК,  
«KATEV» Халықаралық қоғамдық  
қорының президенті



Тек қазақ халқының ғана емес, бүгінгі күні құллі түркі жұртының мақтанышына айналған тұлға жайында қалам тарту мен үшін үлкен бақыт.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – қыын-қыстау кезеңде мойымай, ерік-жігері мен өр рухты батыр бабаларының қайсарлығын танытып, өз халқын тығырықтан алып шыға білген кемел көшбасшы.

Ол – атына заты сай еліне, халқына нұрдай шапағатын төге білген, Тәуелсіз Қазақстанды әлемдік саясат сахнасында сауатты түрде мойындана білген парасатты тұлға, нағыз көшбасшы.

Осы тұста «өткенге топырақ шашсан, келешек саған тас атады» деген аталы сөзді ескеріп, сөл кейінге көз жүгірткенді жөн көрдім.

Ұшқан құстың қанатын, жүгірген аңың тұяғын талдыратын шетсіз, шексіз Қазақстанның сайын даласында тәуелсіздіктің таңы атып, егемендіктің желі есіп, азаттықтың асқақ туы желбірегелі 19 жыл өтіпті. Содан бері талай асу белестерді артқа тастап, кемелет жасқа келіп, ат жалын тартып мінген бозбала сынды болашағынан үлкен үміт күттіретін Ұлы даланың көк байрағы Қазақстанның көгінде желбіреп келеді.

Қазақ халқы ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізу арқылы өзінің ұлттық, тарихи, мәдени құндылықтарын қайта жаңғыртты.

Қазіргі таңда Қазақстан дербес, тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік аренада өзін мойындағатты. Бұның айқын дәлелі – Қазақстанның ЕҚЫҰ Төрағалығының тізгініне ие болуы. Баршаға мәлім, Афиныда өткен ЕҚЫҰ-нің министрлер кездесуінде мынадай мазмұнды декларация қабылданған болатын: «Біз ЕҚЫҰ-ге қатысушы мемлекеттер арасында Орта Азияда бірінші болып Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ Төрағасы болуын құп көреміз».

Бұл өзін саясат сахнасында «Азияның Барысы» ретінде таныта білген Қазақстан мемлекетінің тағы бір асуды алғанының дәлелі болса керек. Бұл жетістіктердің қай-қайсысы болмасын, тек қазақ халқының ғана емес, құллі түркі жұртының мақтанышы бола білген Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ерен еңбегі десем қателеспеспін.

Қазақстанды алғаш тәуелсіз ел ретінде мойындалап, шынайы достық пен бауырмалдықтың тамаша үлгісін көрсеткен түбі бір туысқан түрік елі екені әмбеге аян. Содан бері екі ел арасында достық қарым-қатынас орнады. Екі елдің азаматтары ғасырлар бойы ұмытыла жаздаған ортақ құндылықтарын бөлісіп, бір-біріне демеу болып келеді.

Мұның бір дәлелі – қазақ-түрік лицейлері. Бұл білім ордаларының шәкірттері шашаларына шаң жуытпай, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар

шығып, Қазақстанның көк байрағын білім додаларында халықаралық деңгейде желбіретіп келеді.

Қазақстанның білім саласында еңбек етіп келе жатқандықтан, мен Нұрсұлтан Әбішұлының жастардың білімге құштарлығын ояту мақсатында болашақ жастардың қолында екенін баса айта отырып, «Болашақ» бағдарламасын жасауы тағы бір тамаша жетістік дер едім.

Себебі, мұндай бағдарлама Орта Азия мемлекеттерінің ешбірінде әлі болған емес. Бағдарлама бойынша Қазақстанның жастары өз білімдерін әлемнің ең озық, дамыған елдерінде тереңдетіп, елінің жарқын болашағына үлес қосатын нағыз мамандар болып оралады.


Нұрсұлтан Әбішұлының көрегендігінің тағы бір қыры «Қазақстан – 2030 даму стратегиясын» қолға алуы. Бұл стратегияны алғаш қабылдаған жылдары көпшілік бұл жобаның шындыққа айналатына күмәнмен қарағаны рас. Әйтсе де 1991 жылдан бері Қазақстанның экономика, білім және ғылым, мәдениет салаларындағы елеулі өзгерістері бұл жобаның шындыққа айналының дәлелдей білді.

Көшбасшыға тән қасиеттердің, бірі – дер кезінде тәуекелге бел буу, көпшіліктің көріп, байқай бермейтін тұстарын көрегендікпен көре білу болса, Н.Ә. Назарбаев өз елінің өткені мен бүгінін саралай отырып, оның кемел келешегін көрегендікпен көре білген нағыз көшбасшы.

Бұғандәлел, қазіргі күні Арқатөсіндекөздің жауыналатынғимараттарымен күн сайын көркейіп келе жатқан өсем қала – Астана. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Астананы Арқа төсінен көшірудің онайға соқпағаны баршаға мәлім. Дегенмен, дәл осы шешімді қабылдау арқылы Елбасы батыл қадам жасады. Бүгінгі таңда Астана Қазақстанның тәуелсіздігімен бірге қарыштап дамып келеді. Астана көптеген елдің басшылары мен өкілдерін өз қонақжайлышымен тамсандырып, талай тарихи кездесулердің күесі болды.

Бұған дәлел – Астана қаласында өткен «Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының» съезі. Бұлигішарақазіргідей жершарының түкпір-түкпірінде дінаралық қақтығыстар өршіп түрған кезеңде өте орынды қабылданған шешім. Қазақстан тәрізді 140-дан астам ұлт пен этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатқан көпүлтты мемлекет үшін бұл да жарасымдылықпен өмір сүрудің кепілі. Осылайша Астана – жарасымдылық пен татулықтың қаласына айналды.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асқан иғі істердің барлығы оның түркі әлемінің ұлы тұлғасы екенін әйгілей түседі.





# ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ДАНА КӨШБАСШЫСЫ

Махир НАКИП,  
Қ.А. Иасауи атындағы ХҚТУ-дің  
Бірінші вице-президенті,  
профессор, доктор

Түркия Республикасының Президенті Абдулла Гұл мырза екеуара кездесуде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты «дана көшбасшы» деп атады. Н.Ә. Назарбаевтың мұндай теңеуге лайықтылығын төмендегі үш қасиетінен көруге болады:

Біріншіден, Түркі тілдес мемлекеттердің басшылары арасында ең ұзак мерзімге президенттік қызметін атқарып отырған көшбасшы.

Екіншіден, Түркі тілдес мемлекет басшылары арасында ең тәжірибелісі.

Үшіншіден, Түркі тілдес мемлекеттер арасындағы жер көлемі бойынша ең ірі мемлекетті басқарып отырған Елбасы.

Бұған қосымша, Н.Ә. Назарбаев – ұлы қазақ халқын жігерлендіріп, кең байтақ өлкедегі алып мемлекеттің тізгінін 20 жылдай бекем ұстап отырған батыл да дана көшбасшы, көршілес елдермен бейбіт қарым-қатынастар орнатып, түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастырын нығайтуға атсалысқан Елбасы.

Н.Ә. Назарбаевтың бүгінгі саясатын жете түсініп, ұғына білу үшін 1996 жылы жарық көрген «Ғасырлар тоғысында» атты кітабын жан-жақты зерттеу қажет. Аталмыш кітап Елбасы танымын аша түсетін өрі шыншыл көзқарас пен асқан шеберлікпен жазылған құнды шығарма.

Н.Ә. Назарбаевтың экономикаға айрықша мән беретінін пайымдау қыын емес. Жаппай қарулану жолындағы бәсекенің экономиканы әлсіреткенін байқаған Н.Ә. Назарбаев былай деді: «Қазақстан үшін мұра ретінде қалған Қеңестер Одағының кеңестік экономикалық жүйесі барынша өзгеріске ұшырады. Тек қана жер асты байлықтарының өндірісіне және өскери өнеркәсіп мекемелерінен мәнберілді. Мұндай жүйе ешуақытта экономикалық бәсекені қамтамасыз ете алмайды». Сондықтан болар, Қазақстанда жер асты байлықтары экономиканы жандандыруда, өнеркәсіпті дамыту және халықтың әл-ауқатын жақсарту мақсатында қолданылады.

Сонымен қатар Н.Ә. Назарбаев қазақ халқының тілі мен мәдениетін қайта жандандыру жолында көптеген іс-шаралар атқаруда. Шетелдердегі қандастардың отанына қайта оралуы үшін жағдай жасау – даналық «халықшыл» саясаттың белгісі.

Қазақстанның іргедегі алып көршілерімен бейбіт қарым-қатынастағұмыр кешуі, тығыз экономикалық ынтымақтастыққа қол жеткізуі – Елбасының салиқалы саясатының жемісі. Осындағанда батыл саясаттың аясында көршілес жатқан қос алпауыт елдің Қазақстан мемлекеті мен басшылығына деген құрметі күн санап өсуде.

## **Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ**

Нұрсұлтан Назарбаев энергетика саласында көп векторлы бағытқа басымдық береді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін жас мемлекеттің Басшысы қазақстандық мұнайдың тез әрі сенімді жолдар арқылы көптеген тұтынушыларға жеткізуге барынша мүмкіндік жасады. Бұгінде Қазақстан энергетика тасымалдаудың әлемдік нарығында лайықты орын алады.

Ресей Федерациясы Қазақстанның осы аймақтағы маңызды әріптесі. Екі ел арасында мұнай саласынан тыс қауіпсіздік, экономика, сауда және саясат салаларында да ортақ байланыстар мен мұдделер қалыптасып отыр.

Сонымен қатар, Қазақстан Президентінің Набукко және Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбыры жобасына нақты қолдау білдіргенін ерекше атап айтқымыз келеді. Н.Ә. Назарбаев бұл жөнінде Түркияға 2009 жылғы 22 қазанда жасаған іссапары барысында ресми мәлімдеді. Бұл шешімді аймақтық ынтымақтастық пен бейбітшіліктің нығаюына қосылған үлкен үлес деп бағалаған жөн. Әсіресе, қос жобаға қолдау көрсету арқылы Қазақстан Басшысы Ресей-Түркия-Қазақстан елдері арасындағы әріптестік пен ынтымақтасты нығайту жолында батыл қадам жасады деп тұжырымдауға болады.

## **ҚАЗАҚСТАН-ТҮРКИЯ ТУЫСТЫҒЫ**

Н.Ә. Назарбаевтың Астанада Ататүрік ескерткішін ашуы – маңызды тарихи оқиға. Түркиядан тыс ешбір елде Қазақстандағы дай Ататүркің аса ірі тұлғалы ескерткіші орнатылмаған. Бұл жөнінде Н.Ә. Назарбаев былай дейді: «Әз басым Мұстафа Кемал Ататүркі жақсы көремін әрі құрмет тұтамын. Елімізегемендікалғанжылдары алғашоқыған кітаптарымның бірі Ататүркің өмірі мен реформалары жайлы еді. Біз осы кеменгер тұлға үшін Астананың ең әсем жерлерінің біріне ескерткіш орнаттық. Бұдан бұрын Түркия Республикасында ұлы бабаларымыз Абай, Мағжан Жұмабаев, Қабанбай батыр, Абылай хан ескерткіштері бой тіккен еді».

Түркия Республикасы Парламентінің мәжілісінде Назарбаевтың сөйлеген тәмендегі сөзі құллі түркиялық депутаттардың көнілінен шығып, ыстық ықыласына бөленді: «Түркия Республикасының негізін қалаушы кеменгер тұлға Ататүрік сол кездे-ақ өзге де түркітілдес мемлекеттердің күндердің, күнінде тәуелсіздікке қол жеткізетінін қандай көрегендікпен айта білген! Тарихымыз бұғін соны дәлелдеп отырған жоқ па?!